

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, университеттің 80 жылдығына және елші-дипломат, қоғам қайраткері, Ресей және Қазақстанның Халықаралық Жоғары Мектеп Ғылым Академияларының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ахметов Әділ Құрманжанұлының 80 жылдық мерейтойына арналған **“АДАМЗАТТЫҚ ӨРКЕНИЕТ: БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, АҚЫЛ-ОЙ ИНТЕГРАЦИЯСЫ”** атты халықаралық ғылыми-теориялық онлайн конференция материалдары

сөзі хинди тілінің түсіндірмелі сөздігінде араб тілінен енген сөз делінсе, хиндише-орысша сөздікте түркі сөзі ретінде берілген [5, 25].

Мұндай талас тудыратын сөздер өте көп, өйткені араб, парсы тілдеріне түркі тілдерінен енген сөздер өз төл сөздері іспеттес сіңісіп кеткендіктен кейде араб, парсы сөздері ретінде беріліп жатады. М.Ш. Мұсатаева, Л.А. Шеляховскаяның «Словообразовательный словарь тюркизмов» атты еңбегінде अमीर [amīr] әмір, सुल्तान [sultān] сұлтан, मालिक [malik] патша, билеуші, वज़ीर [vazīr] уәзір сияқты араб сөздері түркизм деп саналған [5, 82], бірақ бұл Ұ.Т. Алжанбаеваның еңбегінде және хинди тілінің түсіндірмелі сөздігінде араб тілінің төл сөзі ретінде берілген.

Қорыта келгенде, хинди, парсы, моңғол және т.б. туыс емес тілдердегі тіліндегі түркі сөздерінің тілде сіңісіп кеткені соншалық олардың формаларында, мазмұнында «бөтендігі» білінбейді, сол халық мәдениетінің белгісі ретінде заттар мен ұғымдарды білдіреді.

Қытай-түркілік байланыстарының даму тарихы өте бай және сан алуан. Түркі лексикасын игеру процестерін зерттеу түркизмдердің қытай тілінде белсенді қолданылатындығын көрсетті. Бұл сөздерді ауызекі сөйлеуден де, көркем әдебиеттен де табуға болады. Орыс тіліндегі түркизмдердің сипаттамасында белгілі бір хронологиялық шеңбермен шектелу жеткіліксіз. Ғасырдың басында орыс тілінде қандай семантикалық және сыртқы «бояу» алғанын байқау үшін сөздің «өмірін» тілдің барлық деңгейлерінде, оның дамуының барлық кезеңінде ескеру қажет. Түркизмдерді зерттеу тілдің лексика-семантикалық жүйесінің бірліктері арасындағы қатынастарды түсіндіруге жаңа материал ұсынады, мысалы, сөздердің синонимдік, сөзжасамдық және басқа топтарын құрайтын қатынастар.

Мәселен, айдаһардың бейнесі қытай мифологиясының орталық орындарының бірін алады және мәдениетте кеңінен қолданылды. Қанатты айдаһар бейнесі ғасырлар бойы Қытаймен көршілес халықтар соғысқан империялық әскерлердің баннерлерінде болды. Генетикалық байланыс - түркі.

*ulung ~ uluḡ ~ uluw және қытай. ұзын «айдаһарды» (моңғолша luw, қалмақ. lun) семантика тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар көптеген түркі тілдеріне тән фонетикалық варианттарды да ескеруге болады.

Халықтың тілі оның тарихы мен әлеуметтік жағдайымен етене байланыста болады. Сол себепті де, халықтың тілін зерттеу барысында тек тілдік материалдарды ғана зерттеп қоймай, сонымен қатар тарих, этнография, әдебиет пен фольклор, халықтың тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін еңбектер де пайдаланылады. Тілді зерттеу арқылы әрі лингвистикалық, әрі тарих ғылымына қатысты маңызды қорытынды шығаруға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Савицкий П.Н. Степь и оседлость // На путях: Утверждение евразийцев. – Москва-Берлин, 2016.- № 2. – С. 15-19.
2. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: АСТ, 2004. – 258 с.
3. Отыншиев А.М. Влияние среднеазиатских народов на формирование этноса раджпутов. // «Шығыстану білімі мен ғылымының іргелі және инновациялық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2009. – С.420-426.
4. Серебряков И.Д. Литературы народов Индии. – М., 1985. – 325 с.
5. Бокулева Б.С. Тілдік контактология: хинди тіліндегі кірме элементтер. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 159 б.

УДК 81'37; 003; 81'22

ТҮРКІ ТҒЫЛЫМДАРЫ: ТАЛҒАМ МЕН ТҮСІНІК

Салқынбай А.Б.

ф.ғ.д., профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан Республикасы

asalkbek@gmail.com

Аннотация. В статье анализируется этнолингвистическая природа запрещенных слов, рассматриваемых как один из феноменов мировоззрения казахского народа. Впервые анализируются их исторические пути формирования, этимологические особенности и особенности употребления. Казахские запретные слова оцениваются как познание мира, возникшее из тесной связи людей с природой, а появление-из мировой необходимости. С научной точки зрения в аксиологическом направлении анализируются репрезентация феномена когнитивной особенности в выявлении качества и значимости природного явления и развитие системы мышления людей через запрещенные слова.

Познание природы во всем мире, всего мира-это необходимость жизни и жизни. Человек познает вещи и явления в природе, система речи и мышления развивается, давая им названия. Таким образом, познание мировой сферы включает в себя базовую сеть познания мира. Человек как порода природы отличается от других животных своим языком и познанием. Он живет, общаясь и обмениваясь сообщениями на языке друг с другом.

Ситуации, понятые и известные предкам, были оставлены в качестве наследия, формирующего языковую память. Явление, известное человеку, которое было в жизни, синтезируется и создается имя. Жизнь в обществе формирует индивидуальную типичную культуру и цивилизацию, культуру и традицию. Познание, сформированное как традиция предков, анализируется как святое и духовное понятие, осмысливается феномен национальной культуры. Его хранят как зеницу ока.

Ключевые слова: знаки, запрещенные слова, познание, природа, сила, понятие.

Annotation. Ethnolinguistic nature of forbidden words considered as one of the phenomenon of world cognition of Kazakh people is analyzed in the article. Their historical formative ways, etymological feature and peculiarities of usage are analyzed for the first time. Kazakh forbidden words are evaluated as world cognition arisen from close relationship of people with nature and appearance from world necessity. Representing a phenomenon of cognitive feature in revealing a quality and significance of natural phenomenon and development of thinking system of people through forbidden words are analyzed from scientific point of view in axiological direction.

The cognition of nature around the world, whole world is the necessity of life and living. Human being knows things and phenomenon in nature, speaking and thinking system are developed by giving name to them. Therefore, cognition of world sphere comprises basic world cognition net. Human being as a breed of nature is specialized from other animals by his language and cognition. He lives by socializing connected and messaging by the language with each other.

Situations comprehended and known by the ancestors had been left as the heritage forming the linguistic memory. Phenomenon known by the person, which had been in life is synthesized and name is created. Living in society forms an individual typical culture and civilization, culture and tradition. Cognition formed as the tradition of ancestors is analyzed as holy and spiritual notion, phenomenon of national culture is comprehended. It is kept as an apple of an eye.

Keywords: signs, forbidden words, cognition, nature, power, notion.

Кез келген халықтың табиғатты, жалпы әлемді танып-білудегі танымы – адамзаттық танымның дамушы арналары ретінде бағалануы тиіс. Осы орайда, қазақ халқы қалыптастырған тотемдік ұғымдар да адамзат ойының дамуының бір көрінісі ретінде таныла алады.

“Тотем” сөзі оджибве тайпасының тілінде “ототеман” тұлғасында “оның тегі” деген мағынада жұмсалған. Бұл атауды термин ретінде алғаш рет ХУІІІ ғасырда Дж. Лонг қолданған. Тотемнің мәні адам баласы мен әртүрлі заттар, құбылыстар, өсімдіктер, жануарлардың шығу тегіндегі тектестік, бірлік деп танылған. Ғалымдар тотемнің шығуын шаруашылықтың қарапайым, түсініктің балаң кезеңінде пайда болған деген қорытынды шығарады. Заттар мен құбылыстарды, жан-жануарлар мен өсімдікті, құстарды киелі санау, оны дәстүр ретінде кейінгі ұрпаққа мирас ету дүние жүзі халықтарының бәрінде дерлік кездеседі. Америка, Азия, Австралия, Еуропа, Африкада мекендейтін халықтардың бәрінің тотемдік ұғымдары бар. Бұл таным дүние жүзі ғалымдарының назарын көптен-ақ өзіне аударған. Э.Тэйлор, З.Фрейд, А.Ланг, П.Хайтун, С.Толстов, Н.А.Алексеев, А.Рассоний, Д.К.Зеленин, С.Г.Нестеров, Г.Н.Потанин; қазақ ғалымдары – Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, О.Сүлейменов, Ә.Ахметов, А.Сейдімбек т.б. зерттеушілер осы мәселе бойынша терең ғылыми еңбектер жазған еді.

Қазақ халқының танымдық төл дәстүрі мен әдет-ғұрпының негізінде қалыптасып, ауызекі тіл арқылы бүгінде ел ішінде кең тараған алуан сипатты тыйым сөздер қоры өте мол. Әдет-ғұрып пен тұрмыс-салтқа байланысты қолданатын көптеген тілдік тұлғалар әртүрлі деңгейде зерттелу үстінде. Сонымен қатар, аңшылық пен саятшылыққа, зергерлікке, егіншілікке, қол өнері мен ою-өрнекке қатысты айтылатын атаулар ғылыми талдаудан өтуде.

Тіл – тек адамзат еншісі. Тіл мен ойлаудың тығыз байланыстылығы анық. “Тілі байдың - ойы бай” деген тағылымды сөз арқылы қазақ халқы терең танымдық деңгейін де таныта алған. Тіл жұтандығы – ой таяздығының көрсеткіші. Сондықтан да тіл құбылыстарының қайсыбір саласы негізгі зерттеу нысаны болса да, ең басты мәселе адам және адам танымы, оның когнитивтік үдерістерді бейнелеудегі номинативтік сипаты болу керек. Тіл адам танымы арқылы қалыптасқан ұғымдық бейнені таңбалайды да, қарым-қатынас құралы болады. Тіл – тарихи жадты қалыптастырып, сананың, дүниетанымның дамуын туғызады. Ол тек әлем бейнесі ғана емес, әлем бейнесін тану деңгейін анықтайтын, даму туғызатын күрделі де кешенді жүйе. Әлем бейнесі – ойлау қызметінің шарты және нәтижесі. Тілде табиғат құбылыстары, қоғамдағы адам танымы бейнеленген құбылыстар мен іс әрекеттер таңбаланады. Когнитивтік аспектіде тіл мен ойлаудың бірлігі объективті шындықты бейнелеуі арқылы нақтылана түседі. Сонда негізгі екі феномен айқындала түседі – әлем бейнесі мен әлем бейнесінің тілдік көрінісі. Әлем бейнесінің тілдік көрінісі ұлттық таным негізінде ерекше сипатқа ие болады.

Айналадағы табиғатты, бүкіл ғаламды тану – өмір, тіршілік қажеттілігі. Адам баласы табиғаттағы заттар мен құбылыстарды танып-біліп, соған атау беруі арқылы сөйлеу және ойлау жүйесі дамиды. Сондықтан ғалам саласын тану негізгі дүниетаным желісін құрайды. Табиғат төлі ретінде адамзат қауымы тілі мен санасы арқылы ғана басқа мақұлқаттан ерекшеленеді. Бір-бірімен тіл арқылы байланыса алатындықтан, хабар алысып, қоғамдаса өмір сүреді. Ата-бабасы таныған, ұғынған жағдаяттарды тіл арқылы мұраға қалдырып, тілдік жад қалыптастырады. Тіршілікте болған, адам таныған құбылыстар тілде екшеліп, атау жасалады. Қоғамда өмір сүру өзіндік типтік мәдениет пен өркениет, әдет-ғұрып пен дәстүр қалыптастырады. Бабалар дәстүрі ретінде қалыптасқан таным кейін қасиетті де киелі ұғым ретінде сараланып, ұлттық мәдениет көрінісі делініп дәріптеледі. Көздің қарашығындай сақталады.

Ұлттық мәдениеттерден әлемдік адамзат мәдениеті жасалады десек, әрбір ұлттың мәдени дәрежесінің тереңдігі, кеңдігі сарапталып, зерттеліп дамытылуы – әлемдік өркениеттің өмір сүруінің кепілі деуге болар еді. Дала мәдениеті – әлемдік өркениеттің негізгі арналарының бірі ретінде қарастырылады. Дала мәдениеті мен дәстүрінде ырымдар мен тыйымдар ролі ерекше, әрі халық танымы мен менталитетінің деңгейі мен субъективті сипатын таныта алатын негізгі ерекшеліктерінің бірі. Тыйым - ұлттық дүниетанымның көрінісі, қазақ халқының табиғатты тану жолындағы өмірден түйген тәжірибесінің сөздегі жиынтық бейнесі, когнитивті үдерістердің ұлттық сипаттағы таңбасы. Тыйым – күн мен айға, көкке табыну, шаңырақ пен табалдырықты сыйлау, төрт түлік малды бағудың амал-тәсілдері, адамның ішкі-сыртқы қасиеттерін бағалау, жердің, судың, оттың қасиеті мен киесі, күнделікті тұрмыста кездесетін заттар мен құбылыстардың ерекше белгілері мен қасиетін саралаудан т.б. туған пайымдаулар. Халық сенімінде дамудан тыс тұрған ештеңе жоқ. Көшпелі өмір салтымен қойындасып, өз үйлесімін тапқан, салт-сананың, ырымның, жол-жоралғының, әдет-ғұрыптың наным мен танымның айқын сипатты белгілері қазақ халқында ертеден-ақ қалыптасып, сараланған. Далалықтар ұғымындағы қараңғылық пен жарық, жан мен тән, жақсылық пен жамандық, бақ пен сор, мәңгілік пен жалғандық, әділеттілік пен ізгілік туралы терең түсінік пен салиқалы көзқарастар халық тілінде қапысыз көрініс тапқан.

XIII ғасырда Қазақстан даласын аралаған Еуропа саяхатшысы Плано Карпини қазақ халқының жазылған конституциялық заңы болмағанмен, әділеттілік пен әділетсіздікті, адалдық пен арамдықты, жақсылық пен жамандықты ажырататын әдет заңы бар екенін жазады. Бұл әдет заңы – тыйымды бұзған адамның кінәлі саналатыныны, кінәға тартылатынын сипаттап жазады. “егер кімде-кім осы шарттарды орындамаса,– деп жазады П.Карпини ондай адамды жазаға кеседі. Не ол адам көп мал төлеп (ақы) барып, бақсыға күнәсі аластатуы керек”[1957, 32].

Тыйым сөздер жөнінде “Түркі тілдеріндегі табу мен эфемизмдер” атты еңбегінде профессор Әділ Ахметов көптеген деректер келтіріп, мынадай ғылыми тұжырым жасайды: “Табу мен тыйым магиядан, дәлірек айтқанда, оның теріс принциптерден тұратын тармағынан туындайды. Магия әлемге кең тараған таным. Ол кез келген діннің, оның ішінде мәдениет пен рухани дамудың төменгі сатыларында қалыптасқан анимизм, тотемизм, шаманизм сияқты қарапайым формаларынан бастап, бүгінде әлемге кең тараған басты діндердің бәрінің де құрамдас бөлігі, демек, ол кез келген мәдениеттен орын тепкен әмбебап құбылыс” [1995, 54]. Тегінде, халық арасындағы әртүрлі ырымдар мен тыйымдар арқылы сол елдің әлеуметтік талғамы мен түсінігі айқындалса керек. Жеке адамның ойы мен түсінігінен бастап, ел камын, халық тағдырын саралайтын парасатты да салауатты жағдайлардың бәрінде де ырымдық жол-жоралардан хабар беріледі. Ежелден келе жатқан еркін халықтың өзіндік дүниетанымның бір көрінісі ретінде танылуға тиіс ырымдар мен тыйымдардың ұлт менталитетін танытудағы ролі ерекше зор. Халықтың әлем бейнесін тануы, оның сыры мен сипатын, қадірі мен қасиетін пайымдауда өзіндік тың шешімдер табуы мен ерекше тереңдік, біліктілік танытуы деп бағалануы тиіс. Далалықтар жасаған тыйымдар мен ырымдардың көпшілігінде (мүмкін бәрінде, себебі табиғаттың барлық тұңғыық сыры бүгінгі ғылымға белгілі дей аласыз ба?) діннің немесе магияның нышаны жоқ. Мұның өзі түптеп келгенде, табиғаттың тылсым сырын терең түсініп жасалған халықтық пайымдаулар, тарихтың терең қойнауында сан ғасырлар бойы сынақтан өтіп, тәжірибе жүзінде жинақталған рухани таным. Айталық, малды теппе, ақты төкпе, жатқан малдың үстінен аттама, жас төлді санама, жас малдың тісін санама, мал сауылып жатқанда, иесімен амандаспа, сауынның жанына жақын барма, ақтың жуындысын ағып жатқан суға төкпе, мал сүйегін баспа, атты ауыздықпен ұрма, сүттің бетін жауып қой, беті-қолынды жумай малға барма, күн батқан соң, далаға күл шығарма, отты аяқпен теппе, суға түкірме, аяқты көкке көтерме, табалдырыққа отырма, табалдырықты баспа, есік босағасын керме, үйді айналма, адамды айналма, нанды бір қолмен сындырма т.б. сияқты көптеген тыйымдар мен ырымдарда діннің немесе магияның ешқандай қатысы жоқ. Соқыр сенімге бой алдырып, құр долбарлаудан емес, керісінше, табиғат пен қоғамдағы құбылыстар мен әрекеттерді терең тану барысында көз жеткізіп, көңілге тоқыған толық

тұжырым, толғамды ой, астарсыз анық анықталған тәжірибе деп есептеу қажет. Тегінде халық жады күні бүгінге дейін сақтап келген тарихи танымды тек діни сенім не магия деп түсіну дұрыс нәтижеге қол жеткізбейді. Бізге дейін алхимияны, химия мен симияны толық меңгерген, араларынан әлемге әйгілі әбу Әли ибн Сина (алхимияның атасы), әл Хорезми, әл-Фараби, әл-Бухарилер шыққан далалықтардың танымы жай емес. Бүгінгі халық арасында жатталып, сақталып қалған тыйымдар мен ырымдар табиғатты тани білген ұлылардан қалған жәдігерліктер болуы керек.

“Малды теппе” тыйымының шығу мәнісі – қарапайым ақиқатты сөзбен тұлғалап, жад қалыптастыру. Сүтін ішіп, жүнін киім етіп, етін ас қылып күн көрісінің талшығы етіп отырған малды тебуге болмайды. Малдың қасиеті кетеді.

“Ақты төкпе” деп тыйым етсе, мұнда да өмірлік мол тәжірибе бар. Өзің күнделікті ішіп отырған, көп бейнетпен келген сүтті төгуге, ысыраптауға болар ма? Ақты төгіп, берекесін кетіре берсеңіз, малдың сүті азаяды. Келер жылы төл бермей қояды. Бұл күнделікті тіршілік-ғұмырда халық тәжірибесінен өткен, көз жеткен ақиқат-шындық. Егер сүтті төгіп-шашып, берекесіз пайдаланар болсаңыз, сүтті сиырдың өзінен сүт шықпай қалады.

“Жас төлді сипама” дейді қазақ тағылымы. Адам алақанында бүкіл нерв жүйесінің тамырлары жинақталған. Қасқырдың өзі адам алақаны мен табанын неге жемейді? Жаңа туған төлді алақанмен сипай берсе, ұстай берсе, өспей қалады. Көзің ауырса, қолың ти деген сөз де осыдан келіп шыққан.

“Мал сауылып жатқанда, иесімен амандаспа”. Бөтен адамның оқыстан шыққан дауысынан иіп тұрған мал исініп кетеді, немесе шошып жүріп кетеді, бауырындағы адамды құлатады, сүтті төгеді т.б. Түйе, жылқы, сиыр малын кез келген адам сауа бермейді. Өзінің күнделікті үйренген адамы ғана сауады. Тіпті кейбір мал үйдің өзге адамына да сауғыза бермейді. Күндегі әдетінен жаңылмайды.

“Судың бетін жауып қой” деуі – тазалықтың кепілі.

“Беті-қолыңды жумай малға барма” деген сөз ұйқылы-ою малға баруға болмайды дегенді аңғартып тұрғандай. Малға барғанда қолыңа таяқ ұста дейді.

Қалай болғанда да, мұндай тыйымдардың тууына өмірден алынған ұзақ тәжірибенің өнегесі, үлгісі, нәтижесі негіз болған. Барлық тыйымдардың өзіндік мотивациясы, негіздемесі бар. Әлем көрінісін, табиғатты тануда өздерінің көздері жетіп, көңілдері сенген шындықтың тілдегі таңбалануы – тыйым сипатында мұра болып сақталған. Халық түйіндеген тыйым мен ырымдарды бағамдап, ой сарабына салар болсақ, олардың соншалықты дәл де тура айтылғанына шүбәсіз иланасыз. Әсіресе, өзі қысы-жазы мәпелеп баққан төрт түлік малдың жайын, аңшылық кәсібінің қыр-сырын, адамдар арасындағы қарым-қатынастың ішкі иірімдерін, бала тәрбиесін, табиғаттың алуан түрлі сырларын т.б. танудағы өз білігін, түйсінген заңдылықтарын бір-екі ауыз сөз қауызына сыйғызып, ғұмырдың нәтижелі түйініндей қорытынды жасап қалдырған. Қазақ халқының Ай мен Күн, Аспан мен Жер, Су мен Отқа байланысты айтатын қарапайым ырымдары мен тыйымдарының нақты мәнісін түсіну оңай шаруа емес. Бұл түсінік қарапайым болғанмен, қарабайыр, қарадүрсіндік емес. Тіпті осы бір қарапайым танымдық түсініктердің себебі мен салдарын қазіргі өзіміз дамыған деп танитын ғылыми өреміз бен біліміміз де түсіндіре алмайды. Кейде өзіміздің түсіне алмаған жайымызды бұрысқа шығара салатын, діни магия деп шет қаға салатын тұстарымыз да кездесетіні жасырын емес. “Айға қарап қолыңды шошайтпа”, “айға қарап, дәрет алма”, “қараңғыда суға барма”, “түнде су жағалама”, “жаман жерді баспа”, “көкке қарап аяқ көтерме”, “суға түкірме”, “от шығарма”, “отты су құйып сөндірме”, “жерді теппе”, “отқа шаш тастама” т.б. деп айтса, мұнда үлкен мән бар. Біз білмейтін табиғаттың ғаламат сырлары бар екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Айға қарап қол шошайтуға болмайды деудің астарында тек қана тәңірілік діннің немесе шаманизмнің қалдығы бар деп шамалау ең оңай шешім. Мүмкін, шынында да, айға қарап қол шошайту немесе дәрет алудың ішке бүгіп жатқан біз білмес бір сыры бар болар...

Айтылған сөз – материяға айналады. Сөз сипатына еніп тұлғаланған ой нақтылық сипат алады. Біздіңше, “сөз тас жарады, тас жармаса – бас жарадыны” қапысыз ұғынған қазақ халқының айтқан тыйымдарында көзге көрінбейтін құдіретті сезіну, түйсіну, түсіну бар. “Көркем сөз - құдіретті нәрсе! Оны әзілге саю да, оны әжуалау да – ақылдан кенде пенденің қылығы”, – дейді академик-жазушы З.Қабдолов [Сөз өнері, 1970, 12]. Қазақ халқының тілді (яғни, сөзді) тас жаратын, тас жармаса, бас жаратын ұлы күш деп тануы магиялық сенім немесе жай эпитет үшін айтыла салған нәрсе емес. Тағы да сол ғасырлар қойнауындағы ұзақ тіршілікте көздері жеткен бір ақиқат. Орны мен орайын тауып қолдана алса, сөзден үлкен ұлы күш жоқ. Сөз – мәңгілік символы. Сөз ұрпақтан ұрпаққа ауысып, халықтың жадын жеткізуші, мәңгілікті жалғастырушы рухани мұра. Сөз – қазақ халқының бас еркіндігі мен ой еркіндігінің символы. “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” деген ұғымды қалыптастырушы қазақ халқының еркіндік рухы неткен биік те қастерлі десеңізші. Өзі өлсе де, артына бір ауыз өшпес сөз қалдыру – далалықтардың

кредосы болғандай. Қазіргі кезде өзіміз ебін тауып жинай алмай, тереңіне бойлап, сыры сен сиқырын айыра алмай жүрген тыйымдар мен ырымдарды тізбелеген, мақал мен мәтелді айшықтаған, аңыз бен ертегіні кестелеген, жырлар мен дастандарды мөлдірете жырлаған. Сондықтан да, сөз – қазақ мәдениетінің тұғыры, негізі болады. Сан-салалы мәдениеттің көп буынының бірі емес, бірегейі; басқа мәдениет тармақтарының қалыптасуының басты қайнар көзі; оның өресі мен өрісін кеңейткен киелі дүние.

Ә.Ахметов аталған зерттеу еңбегінде “магиялық наным, оның ішінде сөз сиқырына сену, ертеректе қазақ арасында ерекше орын алған” деп орынды пікір айтады. Мұндағы сөз сиқыры деп отырғанымыз – сөздің ішкі мәні мен мағынасын түйсінуі, жүректен шыққан сөздің жүректерге жете алу құдіреті, сөз мәнісін білгендігі болса керек. Сөз парқын түсінгендіктен де, бір ауыз сөзбен бір рулы елдің дауын шешіп, елдің береке-бірлігін сақтаған. Сиқырлы сөз деп танылған ырымдар мен тыйымдарды мағыналық жағына жүйеге келтіруге болар еді. Мұның өзі тыйымдарды зерттеп, зерделеуге негіз болары хақ.

- Бала тәрбиесіне қатысты тыйымдар;
- Жас әйелге қатысты тыйымдар;
- Әдептілік пен ізеттілікке қатысты тыйымдар;
- Мінез-құлықты қалыптастыруға қатысты тыйымдар;
- Өлім-жітімге қатысты тыйымдар;
- Тұрмыс заттарына қатысты тыйымдар;
- Төрт түлік малға қатысты тыйымдар;
- Жол жүрердегі ырым мен тыйымдар;
- Аңдар мен құстарға қатысты тыйымдар;
- Табиғат құбылысына қатысты тыйымдар;
- Аңшылық пен мергеншілікке қатысты тыйымдар

Ырымдар мен тыйымдар – өмір шындығымен шыңдалған. Кез келген тыйымды алсаңыз да, астарында ақиқаттан туған шындық, соны байқай білген көрегендік жатады. Айталық, “Құстың ұясын бұзуға болмайды” дейді. Әрине, зиянсыз құстың бейкүнә балапандары жатқан ұяны бұзу – қылмыс.

“Сыпырғышты тігінен қойма”, “Сыпырғышпен адамды ұрма” – үйді сыпырып, тазалауға арналған құрал болғандықтан, онда шаң-тозаң, әртүрлі зиянды микробтар болуы мүмкін. Оны тігінен қойсаңыз, шаңы қайта көтеріліп, ауаны ластайды.

“Пышақпен ойнама, жүзін жалама, пышақты қырынан қойма” деген тыйымдардың мәні де пышақтың өткір қару қызметімен сәйкес. Ойнасаң қолыңды кесесің, жүзін жаласаң, тіліңді кесесің, дұрысы – тыйым қойып, керегіне жарат дегенді меңзейді.

“Батар күнге қарсы емес, атар таңға қарсы жүр” сөзінің мәні: күн батқанда жолға шықсаң, түнге қалып адасуың мүмкін, ұры-қарыға тап болуың да ықтимал; ал таң алдында жолға шықсаң – алдың жарық, күн ысығанша, немесе күн батқанша барар жеріңе жетесің дегенді бағдарлайды.

“Күн шыққанша жаппа” – ерте тұрған жігіттің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық дегенге жақын ұлағатты сөз.

Қазақ тыйымдары – далалықтардың жазылмаған моралі. Бұл моралдық заңдардың өзіндік қалыптасу, даму жолы бар. Тыйымдар мен ырымдардың даму сипатын олардың қалыптасуы мен ішкі танымдық ерекшелігіне қарай былайша жүйелеуге болар еді:

1. Көне кезеңде пайда болған қазақтық тыйымдар;
2. Ислам діні енгеннен кейін пайда болған тыйымдар.

Көне замандарда пайда болған тыйымдар, негізінен, қазақы түсініктер мен танымдарды, ұлттық пайымдаулардың сипатын танытса, мұсылман діні енгеннен кейін пайда болған тыйымдарда ислам дінінің әсері мен ықпалы мол болады. Мысалы: дүйсенбі күні жаңа киім киме, біссимилла демей ас жеме, құран оқығанда жалаңбас отырма, құран оқығанда, аяқ айқастырма, жұма күні аруақтарға арнап иіс шығар, жұма күні көшуге болмайды, аяқты құбылаға қаратып жатуға болмайды т.б.

Сонымен, қазақ халқының ырымы мен тыйымы санада сақталған, ауыздан-ауызға таралып, сөзбен өрілген дала заңы. Көзі жеткен ақиқаты мен таным тереңдігін танытар түсінігі. Халық дәстүрінің бір сарасын белгілейтін тыйымдар мен ырымдар ұлт менталитеті мен психологиясын танытатын негізгі ұғымдардың бірі. Сондықтан оларды жинап, лингвомәдени аспектіден зерделеудің мәні мен маңызы зор.

Кейбір ырымдар мен тыйымдар

1. Малға қатысты тыйымдар

Малды басқа ұрма.

Малды теппе.

Малға теріс қарап мінбе.

Сүт сауатын шелекті су басына апаруға болмайды, құт кетеді.

Малшыларға беті-қолын жумай мал шығаруға болмайды.

Бөтен адамға таңертең мал шығартуға болмайды.

Қой бағып отырып, киім тігуге, жыртқыш құстардың атын атауға, мал ауруларының атын атауға болмайды.

Сатылған яки сыйланған малды еске алып, қайғыруға болмайды.

Мал туралы сөз болғанда “не бағып жүрсің”, “не айдап жүрсің” деп сұрауға болмайды.

Мал қораның үстіне шығуға болмайды.

Малшы мал бағып жүрген таяғын бөтен біреуге беруіне болмайды. Шопан таяғы киелі болып саналады.

Күн батқаннан кейін қорадан мал шығаруға болмайды.

Жаңа ай туғанда қойға қошқар жібермейді.

Қойға қошқар жіберіп жатқанда, ұрсысуға, қамшы өруге болмайды.

Он екі мүшесінің бірі кем адам қойға қошқар жіберуіне болмайды.

Малдың уызын алдымен үй иесі ішуі керек. Уыз ішкен соң іле су ішуге болмайды.

Сүтті үрлеп ішпейді, майлылығы азаяды.

Сүттен жасалған тағамды жерге түкіріп тастамайды.

Малдың сүйегін аяққа баспай, жерге көмеді, немесе

аяққа баспайтын жерге тастайды.

Буаз малды қуаламайды.

Малды ысқырып жүріп айдамайды. Жылан келеді.

Жас мал төлдегенде, үйге қарыз сұрап келмейді.

Қой қоздағанда, оның шуын жерден көтермей, сүйретіп алып тастайды. Әйтпесе, қозы қашаған болады.

Қой қырқатын қайшыны иесіне қайтарғанда, бос қайтармай, жүн орап беру керек.

Тұмса малдың алғашқы сүтін ешкімге бермейді, сүтті болса айтып мақтанбайды.

Мал иесі немесе сол отбасында адам қайтыс болса, сауын малдың төлін ағытып жібереді.

Мал қораға түн ішінде шала жанған от алып кіруге болмайды.

Қайнап жатқан сүт отқа төгілсе, малдың желіні қайтады.

Жерге төгілген сүтті баспайды

Сойылған малдың қанын түлік көзінше (әсіресе сиыр малы үшін) төгуге болмайды.

Малдың алдынан бос ыдыспен шығуға болмайды.

Малды қу ағашпен, болмаса, қабығы алынған ағашпен айдауға болмайды.

Малды сыпырғышпен ұруға болмайды.

2. Бала тәрбиесіне қатысты тыйымдар мен ырымдар

Беркінді теріс қаратып киме.

Бүйірінді таянба.

Бейуақытта жылама.

Аяқ киімінді төрге шығарма.

Басыңды шайқама.

Бейуақытта ұйықтама.

Белінді таянба.

Бетінді баспа.

Қыз бала босағаға отырмайды.

Босағаға сүйенбе.

Босағада тұрма.

Бос бесікті тербетпе.

Екі езуінді керме.

Кірдің суын баспа.

Нанды баспа.

Нанды лактырма.

Нанды тастама.

Нанды төңкерме.

Нанның үстіне басқа зат қойма.

Көкті жұлма.
 Көгалды таптама
 Итті теппе.
 Кесені төңкерме.
 Киімнің жағасын баспа.
 Отқа түкірме.
 Құдыққа, суға түкірме.
 Түнде шаш, тырнақ алма т.б.
 Кісіге қарап түшкірме
 Ас ішкенде мұрныңды шұқыма.
 Көзінді қитарлама.
 Ерінінді шығарма.
 Ақсақ болмасаң, таяқ таянба.
 Су жағасына түнеме.
 Болмашы нәрсеге жылама.
 Асты жамандама.
 Отқа тесіле қарама
 Қолыңды қалтаңа салып жүрме.
 Қол жуғанда қолыңды сілкіме.
 Жерді бей-берекет қазба.

1. Әдептілік пен ізеттілікке қатысты тыйымдар

Аузыңды қолыңмен жаппа
 Аяқ киіміңді төрге шығарма
 Аяғыңды жоғары көтерме
 Бейуақытта кісіге көңіл айтпа
 Бір қолыңмен нан үзбе
 Баланы қарғама
 Жетімді жәбірлеме
 Жаңа байығаннан қарыз сұрама
 Жақын адамға пышақ сыйлама
 Жас жұбайлардың төсегіне жатпа
 Жер-ошақтан аттама
 Жер таянып отырма
 Тізеңді құшақтап отырма,
 Өтірік жылама
 Қараңғыда киіз қақпа
 Қарғанба
 Қонаққа берер затты сол қолыңмен берме
 Кісі мініне күлме
 Кемтарға күлме
 Күйеуіңнен бұрын жатпа
 Күйеуіңнен қайда барасың деп сұрама
 Есіктен сәлем беріп оң аяқпен кіру керек
 Түнде терезеден қарамау керке
 Түнде айнаға қарама,
 Үлкенге бұрын сәлем беру керек,
 Киімді желбегей жамылма,
 Әкесі бар балаға бас ұстауға болмайды,
 Үлкеннен бұрын дастарханға қол созба,
 Отырғанда аяқты айқастырмайды,
 Киімді аяқ жақтан емес, бас жақтан шешеді,
 Аузыңды қатты ашып есінеме
 Есікті теппе,
 Піскен тамақ салынған табақтарды
 Көп алдында керілме

Әйелге тіл тигізбе,
 Басыңды түнде жума
 Әйелге үй арасында жүгіріп жүруге болмайды
 Отты су сеуіп өшірме
 Қайын атасына арқасын беріп отырмайды
 Түнде жас әйел жалаңбас далаға шықпайды
 Кесірленіп сөйлеме
 Кірдің суын баспа
 Мал сойғанда оған қызықтап қарама
 Мал сойған жерге отырма
 Шашыңды жайып жүрме
 Ыдыс-аяқты теппе.

4. Тұрмыс заттарына байланысты тыйымдар:

Дастарханның бұрышына отырма,
 Дастархан басында түрегеп тұрма,
 Дастархан баспа, аттама,
 Дастарханды кез келген жерге қойма,
 Дастарханды теппе,
 Дастарханға түкірме,
 Дастарханды пышақпен қырма,
 Дастархан үстіне келген адамға дәм ауыз тигіз,
 Ошақты теппе,
 Пышақты сұрап не қалап алуға болмайды,
 Біреуге пышақ сыйлауға болмайды,
 Тамақты пышақтың ұшымен жеуге болмайды,
 Пышақпен ойнамайды, жүзін жаламайды,
 Ақшамда пышақ қайрамайды,
 Біреудің пышағымен ет кескен кісі оны қайтарарда ұшына ет шаншып береді.

5. Жас әйелге байланысты тыйымдар

Аяғы ауыр әйелге балық жеуге болмайды,
 Жүкті әйелге қоянға қарауға болмайды. Баласы жырық болып қалады
 Жүкті әйел шашын кеспейді.
 Жүкті әйелге түйеге қарауға, етін жеуге болмайды.
 Жүкті әйел кембағал не ұсқынсыз адамдарға қарамағаны дұрыс.
 Жүкті әйелге қайтыс болған адамның жанына баруға, өлікті алып бара жатқандардың жолын кесуге
 т.б. болмайды.

Әйелге жылан өлтіруге болмайды.
 Бесікті теппе.
 Бесікті ашық қалдырма.
 Бесікті аяқ-асты қойма.
 Бесікті көрінгенге берме.
 Бесікті сатпа.
 Баланы алғаш жуындырған суды үш күнге дейін төкпе.
 Әйел бала жолаушының жолын кеспейді.

6. Табиғат құбылыстарына байланысты тыйымдар

Айға қарап қол шошайтпа.
 Айға қарап дәрет сындырма.
 Жер таянба.
 Жеті түнде жүрме.
 Жұлдызды санама.
 Көкті жұлма.
 Күн бата жатпа.
 Күн батқанда сыпырынданы далаға шығарма.
 Күн шықпай күл төкпе.
 Отқа қарап дәрет алма.

Отты аттама.
Отпен ойнама.
Отқа түкірме.
Отты үрлеме.
Жұлдыз аққанда қарама.
Аяқты құбылаға қаратып жатуға болмайды т.б.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. -Алматы, 1985.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы, -Алматы, 1992.
3. Бес ғасыр жырлайды. –Алматы.: Жазушы, 1989.
4. Рүстемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов.- Алматы, 1989.
5. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші.-Алматы, 1995.
6. Қазақ совет энциклопедиясы. -Алматы, 7-том.
7. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір.-Алматы, 1993.
8. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы, 1994.

МРНТИ 17.09.91

ҰЛТТЫҢ МЕНТАЛЬДЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ҚЫЗ» ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕР

Мауқанұлы Т.

Вашингтон университетінің профессоры (АҚШ),

Ермекова Т.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан)

Адам макроконцептісіне енетін «қыз» ұғымының мәні халық танымында айырықша сипатқа ие. Әлем халықтарында қыздарға қатысты прецедентті есімдер, қалыптасқан ұғымдар бар. Мысалы:

Amazon архетипі физиологиялық тұрғыдан жауынгер әйелге қатысты қолданылады және ақыл-ойы мықты, бірақ сонымен бірге өте тартымды. Оны жеңу өте қиын деген ұғым қалыптасқан. Ал Dragon Lady (Айдаһар ханым) Шығыс әйелдерінің символы ретінде қабылданады. Ол да өте өр, жоғары әлеуметтік лауазымға ие тұлға ретінде қабылданады.

Африка халықтарында қыз баланың сұлулығы шашының қою қара түсімен есептеледі. Керісінше, олардың ұлттық киімдері өте ашық түстерден тігіледі, мұнымен олар өздерінің өте ақжарқын әрі көңілді, бауырмал екендіктерін көрсеткісі келеді екен. Ұйқыдағы ару (Belle-en brousse dormant) – әдемі, көркем қыз турасында айтылады.

Ал ежелгі қытайда өте нәзік, аяқтары кішкентай әйел сұлулық идеалы болып есептелген. Олар сол үшін қыздарының аяқтарын 4 жастан бастап матап байлап тастайтын болған. Қытай халқы өз қыздарының әдемілігін лотос гүліне теңейді. Лотос гүлін гүлдердің патшайымы әрі әйел сұлулығының символы деп есептейді. Сонымен қатар шабдалы жемісін қыз сұлулығының, тазалығының, ұзақ өмірдің, көктемнің және махаббаттың символы деп санайды. Ал ежелгі қытайда өте нәзік, аяқтары кішкентай әйел сұлулық идеалы болып есептелген. Олар сол үшін қыздарының аяқтарын 4 жастан бастап матап байлап тастайтын болған. Қытай халқы өз қыздарының әдемілігін лотос гүліне теңейді. Лотос гүлін гүлдердің патшайымы әрі әйел сұлулығының символы деп есептейді. Сонымен қатар шабдалы жемісін қыз сұлулығының, тазалығының, ұзақ өмірдің, көктемнің және махаббаттың символы деп санайды [1].

Қазақ халқында бағзы замандардан бері қыздың сұлулығы оның мінезімен, ақыл-ой, пайым-парасатымен, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасымен өлшенген. Қазақ халқы «Қыз» деген сөздің өзін әдеміліктің, инабаттылықтың, сұлулықтың белгісі деп таныған. Халқымыздың халық ауыз әдебиетінде көптеген ақындарымыз қызға көптеген керемет суреттемелер берген. Сондай-ақ қыз баланың ұқыптылығын, шеберлігін, сүйкімділігін, жанының нәзіктігін, өнер, білімге бейім тұратынын жоғары бағалап, оның ол қасиеттерін бейнелі сөздер арқылы ерекше көрсеткен.

Ер жігіт өзінің күш-қуатымен ерекшеленсе, қыз сұлулығымен, жан дүниесімен, рухымен күдіретті. Ел арасында сақталған жыр-дастандарда қазақ қызының жан дүниесі жиі баяндалады. Ғасырлар бойы аңыз әңгімелерге, батырлар жыры мен ән-жырға арқау болған қайсарлық пен даналықтың иесі – әйел. Мәселен, кешегі өткен Тұран патшасы Томирис, Шыңғыс ханның әйелі Бөрте, Қабанбай батырдың жары

Салқынбай Анар. Түркі тыйымдары: Талғам мен түсінік	118-126
Мауқанұлы Т., Еркекова Т. Ұлттың ментальды жүйесіндегі «қыз» ұғымына қатысты тілдік бірліктер	126-128
Хусаинова Л.М. Фонетические процессы башкирского языка: редукция	128-132
Асылбекұлы С. Оралхан Бөкеев әңгімелерінің поэтикасы	132-134
Қарақов А.Қ., Мұхитдинов Е.М., Әбішев К.С. Бесік – қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің бастауы	134-137
Абдуллина Л.Б. Вопросы формирования у младших школьников бережного отношения к природе	137-140
Mustafa Oner. Competence-activity model in enquiring the skills of academic writing	140-145
Бейсембаева А.А., Тұңғатова Ғ.Ж. Қазіргі заманғы өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеудің кейбір аспектілері	145-148
Қамзаева К.С. Этномәдени бірліктерді оқытудың дизайн аспектілеріндегі ғалымдар зерттемелері	149-152
Тамаев А., Маруақызы Т. «Қобыланды батыр» жырын оқыту әдістемесі	152-155
Тамаев А., Нышанбаева Т. Абай шығармаларын оқытудың педагогикалық-психологиялық негіздері	155-158
Ашенова А.Т. Ұлттық құндылықтарымыздың бірі – қазақ фольклорын оқыту	158-161
Аққожина Б.Қ., Кулабаева Р.Т. Қазақ тіліндегі фармакологиялық терминдердің жасалуы.....	161-164
Дәрменқұлова Р.Н., Әміров Ә.Ж. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу-білім беру жүйесінің басты міндеті	164-167
Абдикарим Н. Алтаистикада синтаксистік типологиялық зерттеулер жүргізудің маңыздылығы	167-170
Галиева А.А. Современные подходы к обучению английскому языку	170-174
Галиева А.А. Мобильное обучение в современном образовании	174-176
Бораш Р.Б., Құсайынова Э.Ә. Драматургиялық шығармаларды әдеби талдау аспектілері	177-180
Демеубекова К.К. Влияние внелитературной лексики на языковую норму	180-184
С.М.Иманқұлова, А.Т. Таубай. БАҚ-тағы жаңа сөздердің типологиясы	184-188
Құлжанова Б.Р., Имангазина М.А. «Ат тергеу» дәстүрі және кісі есіміне қатысты табудың элем және қазақ тіліндегі қолданылу ерекшелігі	188-194
Какенова Ә.М. Білім мен тәрбие берудің жаңа парадигмасы	194-196
Сариев М.С. Кейс-стадиді дұрыс пайдалану – білім берудің жаңа жолы	197-200
Адилова Г.А. Непроизводные этнографизмы в лексике казахов проживающих в Каракалпақстане	200-203
Әлиев Ш.Ш. Жоғары оқу орындарында философияны оқыту әдістемесінің тәжірибелік аспектілері	203-207
Тоқшылықова Г.Б., Айдосова З., Ноғайбекова Г. М. Мағауиннің «Көкбалақ» романындағы ұлттық характер жасаудағы көркемдік шешім	207-211
Бакиева А.А. Концепт – ұлттық танымның бейнесі және оның тілдегі көрінісі	211-214
Хамимұлыдинова Л., Нұрлыбаева А. Әбіш Кекілбаев повесінің поэтикасы	214-217
Галимова К.А., Мутиев З.Ж. Рахымжан Отарбаев әңгімелеріндегі образ жасау шеберлігі, кейіпкерлер табиғаты	217-220
Берікбаева Қ.Ш. Көпмағыналы сөздердің жасалу ерекшеліктері	220-222
Каримова Г.С., Әділ А., Ербатырова Ж. Рахымжан Отарбаев драмаларындағы қоғам көрінісі	223-226
Солтан Магира. Масс-медиа және жастар арасындағы толеранттылық мәселесі	226-229
Құлахметова Р.М., Битимбаева Ж.К. Қарым-қатынас және адами мәдениеттілікті қалыптастырудағы әлеуметтік желілердің рөлі	229-231
Құлахметова Р.М., Бегим А.Б. Қоғаммен байланыстағы қарым-қатынас және адами мәдениеттілік	232-234
Токтыманова Г.М. Лингвоэтнокалық кедергі мен этностереотиптер	234-238
Бекова К.Б. Ағылшын тіліндегі медицинаға қатысты идиомалар	239-240